

Кенесарынын бас батыры Агыбай батырдын омір жолы казак тарихшылары мен каламгерлерінін шыгармаларына аркау болды.

Жазушы **І.Есенберлиннін** «Кошпенділер» трилогиясында Кенесары хан мен Агыбай батыр катыскан барлык vрыстар баяндалган. Жазушы олардын Актау, Ортау, Акмола бекіністерін калай алганын, Сырдария озенінін бойындагы Меркі каласын азат ету барысында Кокан хандыгымен калай vрыс жvргізгенін толык суреттеген.

1914 жылы Есім торенін комегімен **Ә.Бөкейханов** Казан каласынан «Кызыл кайнар Тектvрмас» деген кітабын шыгарды.

С.Сейфуллин «Акжолтай батыр» романын жазды.

Зангар жазушы **М.Әуезов** «Казак әдебиетінін тарихы» кітабында танымал батырга толык бір болімді арнады.

И.Байзаковтын бір поэмасы да батыр туралы.

Тарих гылымынын докторы, профессор **Е.Бекмахановтын** 19-гасырдын тарихи окигалары туралы жазылган монографиясында Агыбайдын батырлык тулгасы жан-жакты сипатталган.





ӘЛИХАННЫН ҮШ СҮРАГЫ

Әлихан Нурмухаммедулы Бокейханов Каркаралы уезінін Токырауын болысы, казіргі Караганды облысы, Актогай ауданындагы Кызыларай тауынын бокгерінде туган. (Ата-тегінен таратсак улы Шынгысхан әулетінін улкен баласы Жошыханнан тарайтын, атакты Кокжал Баракган Бокейхан туады. Бокейханнан Батыр туса, онын Мырзатайынын Нурмухаммедінен 1866 жылы Әлихан туады). Әкесі Нурмухаммед хандык билікке жетудін жолы білімде екенін тусініп, тогыз жасар улын Каркаралыга апарып, жеке молланын колына окуга береді. Бір жылда ескіше сауатын ашкан Әлихан зеректігімен оз бетінше ізденіп барып, каладагы уш кластык орыс тиліндегі бастауыш мектепке ауысып алады. "Бастауышгы" тәмамдап Каркаралынын торт жылдык

техникалык училищені "оте жаксы" деген багамен vздік бітірген алгыр шәкіртке училище директоры Санкг-Петербургте окуын жалгастыруды vсынады. Дала генерал-губернаторы кенесінін vсыныс хатын алып, казак кауымдастыгынын 200 сом стапендиясымен Ресей астанасы Санкт-Петербургте Орман шаруашылыгы институтына тvседі. Студенттік омірдін басталуымен саяси, әдеби, экономикалык vйірмелерге катысып озык ойлы жастармен араласады. Студенттік толкуларга катысады. 1885 жылы институттын бірінші курсын бітірген Әлихан Сарыаркадагы еліне жазгы демалыска келеді. Санкт-Петербуртен Агыбайдын атына канык танысып, батырлыгын естіп, Семейге келгенде Жидебайдагы Абай аулына согып, Абаймен кездеседі. Әлиханды болмысынан таныган, козі ашыктыгын vккан Абай оку білімге кокірегі ояу, зерделі баланы екі-vш кvй конак етеді. Магауиясы мен Абдрахманы аурулы болып конілі жасып отырган Абайды хал кадірінше жvбатып vзак әнгімелескен шактарында Кенесары-Наурызбайдын, Агыбай батырдын жvргізген vлт азаттык согысына бага беріп, әкесі Кvнанбайдын Кенесарыны колдаганын айтып әсіресе, Агыбай батырдын аныздай ерлектерін сvйсіне әнгімелегенін Әлихан жадында сактап бір коріп, батасын алуга кvштарларнады. Елге барып Жанкvты биді ертіп Тайаткан-Шvнак тауын жайлап отырган Агыбай аулына баруды.

Кызыларай тауындагы ауылына келіп біраз кvн сагынышын басып, ел адамдарымен амандасып болган сон колік дайындатып жол серіктер іздейді. Жанкvты би кажылыкка – Меккеге кетіп жугаракта оралмайтын корінеді. Елден сvрастыра келе Кернейдін бас акыны Балтадан тарайтын Казгелдінін Жуасбай (1854-1918 ж.ж.) акынын жолбасшылыка алу керектігін жон санайды. Ауылдан аткосшылыкка тортобес жігіт алып «Аякшиде» отырган Жуасбай аулына келіп тvстенеді. Әлихан жол сапардын жонін айткан сон коктен іздегенін жерден тапкандай куана коштап Байсейіт бидін токсанга жасы жетіп салт атты сапарды котере алмайтынын білсе де барып сәлем беріп Агыбай аулына баратындыктарын айтып батасын алады. Әнші Актентек серіні ала кетуді vйгарысып ауылына барса ол да картайып жол жvруге жарамайтынын айткан сон кобызшы әрі әнші інісін калап ертіп алады.

Тайаткан тауынын Есентай озегінде отырган Агыбай аулына келсе батырдын жvргенінен жатканы коп, кәрлікті мойындап келімді-кетімді кісілермен әнгіме дvкен кvрып осиет батасын беріп кісілерді талгап кабылдап жатыр екен. Коптен атын білетін, акындыгына канык «Жуасбай келді» дегенді есітіп озі жаткан ак боз vйге кіргізеді. Агаш тосекте казаннын кара кvйесіндей каскырдын терісінен тігілен мол ішікті аягына жауып жаткан агыбай батыр тосектен аягын тvсіріп келген конактардын сәлемін кабыл алады. Конактарды колын нvскап тор корпеге оздырып жайгастырып ел амандыгын сvрастырып, танитын катарларынын атып атап атакты Байсейіт бидін сыркат екенін, Жангvты бидін кажылыкка кеткенін естігенде «Жылда асып калды, екеуіде хабарласкан жок еді, арыстарым аман болсын» деп мунайган калып танытты. Агаш тосекте жантайып жатып ішетіндей биікше кен столга шәй дастарханы жасалып жатканда Агыбайдын емеурінімен есік алдына әкелінген жабагыга Жуасбай акын бата жасады. Шәй іше

отырып Агыбай батырдын жvмсак мінезіне каныккан Әлихан озін таныстыра келе:

- Батыр ата, - деді Әлихан салмакпен созін бастап - жол жонекей Сізден vш сvракка жауап іздеп, батанызды алуга ниет етіп келдім.

- Сvра, балам, - деді Агыбай батыр орнынан козгалактап, онтайланып жатып бетін Әлиханга карай бvрып котеріле отырды.

- Сvрасам. Ердін әруактысые кордініз бе?

- Аттын тvлпарын кордініз бе?

- Әйелдін сvлуын кайдан кордініз? Осыларды білгім келеді, - деді Әлихан.

- Айтатым, балам. Оны неге сvрадын? - деді Агыбай батыр.

- Нагыз батырлар осынын vшеуінен шет болмаса керекті еді, - деді Әлихан.

- Тында, Балам! Осы озін катарлы жас кезім еді, Касым торенін коластына барып Саржан батырмен танысып, жасагына еріп жvрген адуынды шагым. Ертенгісін Саржан батыр жаткан жерінен vшып тvрып: «Агыбайжан, кайдасын? Жау келіп калды гой. Тез, аткамініндер. Мына тауды бvрып алмасак, жау бізді алады. Тауды бvрын алайык!» - деді. Жанталасып Акбастауга келіп шыксак, аргы жагында дала толган кісі, каптап келеді екен. Саржан: «Шыккыр козім, шыкпасан, дvрыс болжа, - деп бір шола карап.

- Апыр-ай! Агыбайжан-ай, 600 кісі екен гой! - дегенде: Кайда жvріп болжап койды? -деп карасам, бvрынгы козіме тым кораш корініп жvрген батырым озімнен анагvрлым осіп кеткен екен. Сол жерде «Ердін әруактысы Саржан батыр» - екен деп мойындадым.

Екінші сұрағына - Атамекен Бұгылы-Тағылыда найза ұстап, қынабынан қылыш суырып қырықтағы камал бұзар шағым, - деп, Агыбай сөзін жалғастырды. Астымда Көкбесті деген атым бар. Осы кезде «менен артық жігіт, Көкбестіден артық ат жоқ» - деп жүргенде бір күні ауыл сыртына көп адам келіп: «Сойлес-ау!» деген сөн өзім шығып сойлестім. «Мен Саржан батырмын» - деп дыбыстарды. 60 каралы адам екен, үй тігіп, түсіріп конақ еттім. Саржан батыр аты шыққан ер болганмен, көзіме өзі де, аты да атағына сай емес кораш көрінді.

Ертенгісін «Агыбайжан келсін» деген сон барып едім, «Агыбайжан, «Аркада жолдас болуга жарайтын сен» деп іздеп келдім. Ақбастауды орыс алып, казақтарды күнде шабатын көрінеді. Мен 60 адам, сен 40 жігіт касына ерт, 100 кісі болып соган барайық» - деді. «Жарайды» одеп, жүз кісі аттандық.

Жер шамасына барган сон: «Агыбайжан, жау такау, бүгін ат терін алайық», - деді. Содан сон шабатын аттарды калдырып, өзіміз алга оздық. Ол кісінін астында тайдай гана Аққаска аты бар. Ілгері ұзап шыққан сон, мінген аттарымыздын карымын байқау үшін бір жүгіртіп алуды ойладық. Атка шабатын жігіттерді сайлап, керме тартып, ат костық. Мен ойладым: «Аман болса, Көкбесті атым келер», - деп. Әлден уакытта баганагы тайдап гана ат Саржанын Аққаскасы келді. «Апыр-ай! Көкбестіп ат жыгылды ма, калай болды, неге калып калды?» - деп мазаландым. Бір мезгілде аман-сау менін атым да келді. Кермеге байлап: «Неліктен болды екен», -деп кермеге барсам, Саржаннын тайдай Аққаскасы Көкбесті аттан анагұрлым осіп, шоктыгы биіктеп кетіпті. «Аттын тұлпары екен гой, бойын жасырып тұратын», - деп багалап сабама тұстім.

Үшінші сұрагына айтарым: Казак пен озбек коп шабыскан ел гой. Үлдары – құл, кыздары – құн болып екі ара тендіксіз болып тұрды емес пе?

Найман руына берген карындасым бір шапкыншылыкта озбекке колды болып кетті. «Бұл болмайды екен», - деп кырык кісі алып бітімге бардым. Озбектін Әлімкұл деген ханы бар екен. «Казактын Агыбай батыры бітімге келе жатыр екен» дегенді естіп, «оган кім тенлік береді, мені сейілге кетті» деген сылтаумен кайырып жіберіңдер! – деп үйінен кетіп калыпты.

Мен барган сон шатыр тігіп, «Сонга тұсесіз?» - деп еді, «Хан ордасынан баска жерге

тvспеймін» - деп Әлімкvлдын ордасына тvстім. Үйге кіріп келгенде есікті ашкан бір әппак әйел маган жалт карады. Сол кvнде менін сан кісіден бетім кайтпайтын уакытым еді, әйелдін козіне козім тvрактамай тайыксып кетті. Бvл Әлімкvлдын ак токалы екен. Онын да назар маган ауган сиякты. Әйел де мені vнаткан сынайлы болган сон елге ак токалды да алып кетпекші болган женілтек ой басымда шынылдап тvрып алды. Сол жерде ойлана келіп: «Кой, келген жvмысымды тастап, бір vргашыга кызыкканым болмас» деп озімді озім токтаттым да, асыгыс Әлімкvлды шакырттым. Әлімкvл да келіп: «Бvл манка казак не іздеп жvр, сонау Аркадан?» - деп vйге кіре берді.

Сол сәт: «Мә, саган манка казак» деп Әлімкvлдын басын шаппакка кылышымды суырып алып тvра vмтылдым.

- Дат, Агыбай батыр! «Ер шекіспей бекіспес, достыкка – тосім» - деп кvшагын жая vмтылды. Оз кінәсін мойындап кешірейген ханга кешіріммен карап кылышымды канабына салдым. Сонымен, Казак - озбек мал шабысса да адамды тvткынга алмауга, vлын – кvл, кызын – кvн етуді токтатуга уагдаластык. Содан бері колга тvстен адам болса, озбек – казакка, казак - озбекке кайтаратын болды. Мына казак ішіндегі озбектер бvл бітімнен бvрынгылар екен. Әйелдін сvлуын сонда коріп Әлімкvлмен достасып кайттым. Нәтижесінде, 1864 жылы Тvркістанды коргауга, Генерал Берепкин (Веревкин) дегеннін әскеріне тойтарыс беруге батыр деп жvрген Спатай кашып кеткенде Әлімкvл ханнын әскері кол vшын беріп коммекке келді.

Міне, балам vш сvрагыннын жауабы.

- Ракымет, ата! Үш жауабынызда да батырлыктын, ерліктін салтанаты биік тvр. Енді біздерге айтар осиетінізді айтыныз, батанызды берініз? Бар бvйімтаймыз осы – деп орынынан тvрып барып кос колдап кvшактап, кос жауырынан кагып-кагып «нагыз батыр сіз екенсіз» деп екі vш кайталап орынына отырды.

Тершіген мандайын сvртіп, денесі бусанып Жуасбайдын домбырасын колына алып бірер кагып жіберді де, карлыккан коныр даусыменен создерін анык естіртіп vзак термелеп іштегі шерін шыгара андасанда бір демалгандай кен тыныстанады.

Коніл сурай келдіндер,

Жан тапсырарда Аллага.

Емтігін келсе Осиет,

Ризамын адал казага.

Тлім сайрап жатканда,

Басымды котерт, жастык кой.

Лосемім болып хан Кене,

Асудан талай астык кой.

Айналайын, Науаным,

Колдан шыгып кетті гой.

Бірге олем деп Агаммен,

Олімге басын тікті гой.

Серіп боп бірге ермеді,

Кол жинап кайта келуге.

Әуселесін кыргыздын,

Спартрймен косып коруге.

Науан колга тvспесе,

Кенекем ажал таспас ед.

Казактар кайта шабад деп,

Ханнын басын шаппас ед.

Ангалдыгы батырдын,

Себеп болды ажалга.

Найза бокка кадалды,

Кенекем ажал тапканда.

«Акке, коке» деуші еді,

Жас баладай еркелеп.

Туар ма, шіркін, Науандай,

Кыздарымыз енді еркек.

Осы окінішт жүректе,

Кетіп барады ортеніп.

Азаттык үшін хан Кенем,

Күрескен еді серт етіп.

«Акжолтай» деп ардактап,

Кол бастаткан камалга.

Саткындыктан сан согып,

Хан Кенем кетті арманда.

Мын жігітпен аттандым,

Ак найзамды колга устап.

Касиетті Түркістанды,

Азат еттім кол бастап.

Сол алпыс бес жасымда,

Жолбарыстай кайратты ем.

Кәрілік женді кайтейін,

Арыстандай айбатты ем.

Ал енді бата берейін,

Қарсыласпандар орыспен.

Күшті ел болды қарулы,

Жене алмайсындар согыспен.

Әлихан балам Абайды,

Қастерлейді – Хакім деп.

Олендері жыр емес,

Түнып түрган акыл деп.

Даналар туса Абайдай,

Батырлар туса Науразбай.

Арта берер бактарын,

Азаттык таны аткандай.

Пірәдірім Мамытка,

Айшыктап кvзбез соккыздым.

Үмытпандар мені де,

Жакындай тvсті сонгы кvн.

Оніп оссін, казагым,

Жауын женген калмактай.

Үш жvздін басын косатын,

Хан туар ма Абылайдай.

Kvд-кvтан долып тозбандар,

Ерліктер жолы жалгассын.

Әлихандай vлын бар,

Баскарар казак Ордасын.

Казактын жерін казакка,

Сытты орыстын жері деп,

Алынды кvжат-Паспырты.

Согыска салды хан Кенем,

Барша казак жері vшін.

Қартайганда алыстым,

Өлгенде жаттар дер үшін.

Қой үстіне бозторгай,

Жұмырткалар ма, даламда.

Оқыған елдей қазағым,

Қоныстанар ма, қаламда.

Сәлемде барша қазаққа,

Зейнетін тапсын еңбектен.

Мен салдым қос торған,

Зая кетпесін тер төккен.

Найза, кылыш заманы,

Отті білем біздермен.

Оқу, білім заманы,

Басталады сідермен.

Кенекем мені ардактап,

Акжолтай батыр аталады.

Кайратыма шыдамай,

Согілді жаудын катары.

Елім үшін кан кештім,

Ерлігімді асырып.

Мадактады акындар,

Шалауына жыр шашып.

Кара жер суык екен деп,

Кашамыз ба, ажалдан.

Туган сон олмек бар екен,

Тіршілік еткен заманнан.

Бірінді бірін силандар,

Жүдырыктай жүмылып.

Ынтымак, Бірлік сактандар,

Ел катарлы умтылып.

Казак деген нар халык,

Мын олім мын тірілген

Жауына есе жібермей,

Оз орнын алган омірден.

Кенекем маган салмак сап,

Акыл, кенес сурады.

Батырлар куптап кол бастап,

Орындалды мұраты.

Ертекке косты ел мені,

Тірісінде көзімнін.

Үлгі етті ұрпакка,

Мәйегінталып созімнін.

Согыстырды калмакпен,

Абылай туы астында.

Акауыз атым астымда,

Уатып отер тасты да.

Жекпе жетке олтіртті,

Колба деген батырын.

Ауызна какпак коям ба?

Айналайын халкымкымнын.

Багымды бастап асырды,

Азаттык үшін согыста.

Бугыбай, Иман, Жанайдар,

Серік боп жүрді касымда.

Букарбай, Жәуке, Толебай

Үмытам калай Шәкірді.

Найза, қылыш, сойылмен,

Жауына салған зікірді.

Жау емес маган Үйсінім,

Сүйінбай, Жамбыл шыккан ел.

Жырларын сусап тындадым,

Ерлікке үлес коскан ел.

Спатайдын батыр деп,

Жырына Жамбыл коспаган.

Катаганды женген Сүйінбай,

Арка vйерім деп айтпаган.

Жетпе жекте Болтірік,

Агыбайды женген деп –

Айтылып жvрген кауесет,

Спатайдын созі тек.

Үш рет аттан тvсіріп,

Шыбын жанын сауга еттім.

Ер кезегі – vш рет,

Енді олерін ескерттім.

Болтірікті олтірсем,

Белі сынар Үйсіннін.

Табасына калармын,

Калган козі тірісінін.

Спартайды шакырттым,

Тvркістанды коргауга.

Бас саугалап каштты ол,

Карсы шыкпай кас жауга.

Шаппакшы болдым ауылын,

Кайта козып ескі кек.

Баласын алдым кепілге,

Озі іздеп келер деп.

Озі іздеп келмеді,

Ажал тауып жат жерде.

Үйлендіріп баласын,

Кайтардым малмен еліне.

Озык туган бала екен,

Касындагы Әлихан.

Коніл сурай келіпті,

Бата алам деп атамнан.

Үш сұрағы бойдағы,

Бар сырымды ақтарды.

Көп болса екеносындай,

Қазағымнын жастары.

Кернейдін бас ақыны,

Тасболатұлы Жуасбай.

Жауап катты жыр толгап,

Таудуан аккан бұлактай.

Таркатып шерін Батырдын,

Тілегін айтты халкынын.

Агыбай кайта тумас деп,

Шынына шыккан гасырдын.

Хан Кененін акыны,

Дауылпаз жырды жырлаган.

Нысанбайдын макамы,

Үранга коскан отты vран.

Котеріп рухын сарбаздын,

Алдынгы саптан табылган.

Хан Кененін аманатын,

Жеткізіп елге толгаган.

Сол макамды Жуасбай,

Есіне салды батырдын.

Елестетіп бейнесін

Талай - талай асылдын.

А, Сарыаркадай ел кайда,

Агыбайдай ер кайда?

Демей ме халкым ертен ак,

Агыбай айткан соз кайда?

Каза болган хан Кене,

Кекілік деген жер кайда?

Жасындай болган жауына,

Курыш білек, нар кеуде,

Найзасын канга боятган,

Наурызбайдай ер кайда?

Торка болсын топырагы,

Пейіш болып кабыры,

Жаны болсын Жәннәтта.

А – ей, Кенесары – Наурызбай,

Деп жырлайды бvл кvнде.

Жанардан коз жас тогіліп,

Косылып кобыз vніне.

Кvлак тосып тындаймыз,

Козз ілмей vзак тvндерде.

Агакем менін – Акжолтай,

Батыр деп арка тvтамыз.

Ән мен кvй арнап озіне,

Етеміз әлі Сізді аныз.

Бvл аурадан айыгып,

Сауыксын ләйім жаныныз.

Бізді бастап келіп тур,

Әлихандай баланыз.

Ел тарихын зеріттеп –

Дейді кітап жазамыз.

Азаттык үшін алысып,

Петерборда окып жур.

Конамын деп кун болып,

Карангы казак когіне.

Абайменен сырласып,

Канат кагып білімге.

Ел боламыз деп ерікті,

Артынан ерлер еріпті.

Батырларлар токкен ыстык кан,

Бостандык vшін тогілгей.

Хан Кененін аманаты,

Женістерге жеткізгей.

Озініз айткан осиет,

Үран болсын біздерге.

Бар баласы Алаштын,

Алдына келер әлі де.

Осиетінді естіп бата алып,

Таратар казак жеріне.

Баталы кvн, бак кvндер,

Орнар әлі-ақ торіме.

Сол күндерге жеткізер,

Ерлігініз Сіздердін.

Кенесары – Наурызбай,

Бүгыбай, Иман, Жанайдар,

Бүкарбай, Жәуке, Толебай,

Шәкір, Дулат, Мендібай,

Асып түган ерлерді,

Ардақ түтып еске алып,

Атап бата жасармыз,

Айқара ашып тәуелсіз,

Егемендіктін есігін, - деп токтаган Жуасбай акыннын иыгына зерлі шапан жапты.

Әлиханнын елім деп соккан жvрегінін дvрсілін сезгейдей Агыбай батыр тосегінін тvсында ілулі тvрган кvміс кынды, кvміс сапты кылышын оз колымен «оркенін оссін балам» деп сыйга тарткан Агыбай батыр жол серіктерін де риза етіп бір-бір жылкы жетектеттіріп шыгарып салгызды.

Агыбай батырдын «Осиет-батасы», Жуасбай акыннын олені 1923 жылы жазылып алынганга vксайды. Кайда сакталса да тозыгы жетіп саргайган араб әрпімен жазылан кагаздан жеті-сегіз шумактын нобайын шыгаруга мvмкіндік болды. Сонын негізінде осы оленжыр кагазга тvсті.

Агыбай батырдын туганына 200 жыл толганда туган немеремнін атын Агыбай койып, кос тойды бірге атап, шілдеханасын откізіп бесікке салдырдым. Тvнгыш немеремді озім тербетіп, озім әлдиледім. Сондагы әлдилеген олен-жырды немеремнін озі окысын деген ниетпен ак кагазга тvсіріп, кітапка кіргіздім.

Әлди де, әлди, Агыбай,

Әлдилесем мен сені,

Жыр келеді агындап,

Ашкандай асыл комбені.

Тында, Агыбай әлдиді,

Әжелер салган сазбенен.

Жылагн саган жараспас,

Тербетейін жәйменен.

«Агыбай келеді тауменен,

Кездесуге жауменен.

Ак найзасын ойнатып,

Шагылысып кунменен.

Кулдір-кулдір кісінетіп,

Кулренді де мінерсін.

Сынгырлатып кулкісін,

Сулуды да сүйерсін.

Алты кырдан естілер,

Тулпарынын шабысы.

Кундік жерден естілер,

Агыбайдын дауысы.

Кыздар гашык болады,

Агыбай деген атына.

Олжа салар батыр бол,

Казак деген халкына.

Біздін бала Агыбай,

Куйып койган алтындай.

Акылы консын Абайдын,

Суалмайтын булактай.

Айдай біздін – Агыбай,

Күндей біздің – Агыбай.

Күндей болып күлімдеп,

Гүлдей берші, Агыбай.

Агыбайдың қыстауы,

Алатаудың саласы.

Агыбайдың жайлауы,

Сарыарқаның даласы.

Агыбай деп ән салар,

Жетісудың бүлбүлы.

Агыбай деп күй тартар,

Атыраудың күйшісі.»

Туганынды мактан ет,

Үлы болып казактын.

Казыбек туган топырак,

Елін сенін, Агыбай.

Агыбай оскен топырак,

Жерін сенін, Агыбай.

Осындай елдін каны бар,

Агыбай сенін бойында.

Атадан калган үлгі бар,

Агыбай сенін жолында.

Жарты омірін кан кешіп,

Согыспенен откерді,

Бабан сенін, Агыбай.

Ардак тутып хан Кене,

Атады сыйлап Акжолтай.

Бул согыска катысты,

Улы бабан Багыс та.

Бейіті жатыр кумбезді,

Караоба ата коныста.

Селтей, Толагай, Аксенгір,

Кайрактынын озенін,

Бойлай конган жарасып,

Калын керней оз елін.

Агыбай бабан ансаган,

Азат елдін торінде,

Тәй - тәй басып келесін,

Тірегі болар vл боп ос,

Kазак деген еліне!

Осы кітапты баспадан шыгарушы каржыгер ИІПБЕРГЕНОВ СӘБИТ ӘЛИМХАНҮЛЫ сапалы гvмырын Жамбыл облысындагы ен ірі Шу аудандык Халык Банкін 22 жасынан 22 жыл баскарды. Ауданнын зиялы кауымынын, іс басындагы басшыларынын алгысына боленді. Үл мен кыз осірген vлкен шанырак иесі. Ірі vйымдастырушы, vлтжанды азамат.

Біздер Шу ауданында таныстык. Отпелі кезен дvрбелен алган кезде Алматыда табыстык. Ол жеке кәсіпкерлік-бизнесте каржыгерлік білімін, аскак талабына, тарлан талантына, биік максатына жvмылдырып келеді. Бизнес биігінен коріне бер, ардакты інім.